

2023 жылғы 20 ақпан – 4 наурыз аралығында «**Бүгінгі жас маман келер ұрпақтың сәулеткері**» тақырыбында жас мамандар онкүндігі өтті. **Мақсаты:** жас мамандардың теориялық білімдерін мектеп практикасында қолдану дағдыларын қалыптастыру; жас мамандардың әлеуметтік және кәсіби тұлғасын қалыптастыру, оларды қолдау және ынталандыру; педагогикалық шеберлігін жетілдіру, тәжірибе бөлісу арқылы жас мамандар мен тәлімгерлерінің ынтымақтастығын нығайту.

Онкүндіктің ашылу салтанаты мектебіміздің «Бес асыл іс» құндылықтар алаңында өтті. «Zhasmaman2023» инстаграмында тәлімгерлер мен жас мамандар «Ұстаз жолындағы қызықтар мен шыжықтар» тақырыбында ой бөлісті. Оқушылар өздерінің ұстаздарына ізгі тілектерін жолдады.

Жас мамандарымыз бағыт-бағдар беріп, мектебіміздің абыройын асқақтатуға үлестерін қосып жүрген дарынды оқушылар өз өнерлерін ортаға салды.

Қойылған мақсатты табысты жүзеге асыру үшін жас мамандар онкүндігінің жоспары әзірленіп, бекітілді. Жоспарға сәйкес 7 ашық сабақ өткізілді. Тәлімгерлердің ашық сабақтарды мұқият талдауы нәтижесінде жас мамандардың оқу сабағының ұйымдастырушылық сәтіне назар аударатыны; оқушылардың үй тапсырмасын орындау мақсаттары, міндеттері, мазмұны мен тәсілдерін түсінуін қамтамасыз ететіндігі анықталды.

Жас мамандардың оқу сабақтарының мазмұны жаңартылған білім беру мазмұнының талаптарына сәйкес келеді. Жаңа материалды таныстыру кезінде мұғалімдер оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескереді, білім мен іс-әрекет тәсілдерін бекітуге, жалпылауға және жүйелеуге, сабақ рефлексиясына арналған тапсырмаларды орындау барысы бойынша нұсқаулық өткізеді. Оқушыларды бағалау Б.Блум бойынша оқу мақсаттарының деңгейіне сәйкес жүргізілді.






2 «Г» сыныбында Мазимова Айдана Нурлыбековнаның сабағынан көрініс



Бахтиярова Мадинаның ашық сабағынан көріністер




3 «З» сыныбында Ерғантаева Көркем Жақсыбайқызының қазақ тілі пәнінен өткізген ашық сабағынан көріністер

«Сөйле, сурет» суретші Аңсаған Мұстафамен кездесуді жас мамандарымыз Кабен Н.Н, Ихсан Д. ұйымдастырып, оқушы бойына адамгершілік, жауапкершілік, әдептілік, еңбекқорлық құндылықтарын сіңіруге үлес қосты. Оқушылар суретшімен сұқбаттасты. Көрмеге қойылған суреттер бойынша оқушылар түсінгенін айтып, ойларымен бөлісті.



Оқушы бойына қалыптастыратын дағдыларды «ҚМЖқұрастыру» барысында қалай жүзеге асыруға болатындығын мектебіміздің шебер-мұғалімі Г.Қ. Сұлтанова түсіндірді. Тәлімгер сабақты қызықты өткізудің қыр-сырын үйретіп, өзінің іс-тәжірибесімен бөлісті.



« Ұстаздық еткен жалықпас...» Сұлтанованың іс-тәжірибесімен бөлісу сәтінен Онкүндіктің жабылуында жас мамандар өз өнерлерін ортаға салды.



Онкүндікті өткізу қорытындысы бойынша келесі ұсыныстар берілді:

- жас маманның кәсіби өсуінде тәлімгерліктің рөлін арттыру;
әртүрлі деңгейдегі және кәсіби конкурстарға қатысу арқылы жас педагогтердің біліктілігін арттыруды және өздігінен білім алуды жалғастыру;
- жас мамандардың тәжірибелі мұғалімдердің сабақтарына қатысуы;